## Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 10 тамыздағы № а-08/249 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 қыркүйекте № 5516 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі.
Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 " Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 213-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 27.08.2019 № А-08/236 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесі анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бұланды ауданы әкімінің орынбасары О.Қ.Смағұловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі** *Қ.Испергенов*

Бұланды ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 10.08
№ а-08/249 қаулысына
қосымша

## Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесі

1. Еңбекақы және өзге ақшалай төлемдерді төлеу, соның ішінде техникалық персоналдың еңбекақысы және еңбекақыдан барлық ұстап қалулар.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен карастырылған ақшалай өтемақылар.

3. Алимент, міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, жәрдемақылар және өзге әлеуметтік төлемдер, шәкіртақылар.

4. Банк қызметтеріне төлем жасау, қарыздық міндеттемелерді өтеу және қызмет

көрсету бойынша төлемдер, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер, салықтар және бюджетке төленетін өзге міндетті төлемдер.

5. Жанармай сатып алу (ғимараттарды жылытуға қатысты), тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер, азық-түлік және дәрі-дәрмектерді сатып алу үшін шығындар.

6. Атқарушылық құжаттарды және сот актілерін орындау.

7. Ағымдағы мақсатты трансферттер, мақсатты даму трансферттері, жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін кредиттер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК